Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 82 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 қыркүйекте № 21237 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы, " Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай норманың қолданысы 2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін тоқтатыла тұрсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерінде:

тоқтата тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылатынын белгілей отырып, 3-тармақтың бірінші бөлігінде:

"3. Қағидаларда ашық валюталық позицияның мынадай лимиттері белгіленеді:

1) Standard & Poor's агенттігінің "A" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's InvestorsService и Fitch агентіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) осыған

ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы және "еуро" валютасы, сондай-ақ тазартылған қымбат металдар бойынша банктің меншікті капиталы шамасының 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі, Standard & Poor's-тен "А"-дан кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және "еуро" валютасы бар елдердің шетел валюталарындағы қысқа валюталық позициядан басқа ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті;

Standard & Poor's "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар және "еуро" валютасы банктің меншікті капиталының 7,5 (жеті бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын елдердің шетел валюталарына қатысты ұзақ мерзімді валюталық позициясының лимиті;

2) Standard & Poor's агенттігінің "А" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы бойынша банктің меншікті капиталы шамасынан 5 (бес) пайыздан аспайтын мөлшердегі ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті;

3) банктің меншікті капиталы шамасының 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі валюталық нетто-позиция лимиті.".

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.10.2020 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.10.2020 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы
"КЕЛІСІЛДІ"

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2020 жылғы 21 қыркүйегі
№ 82 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Пруденциялық нормативтерді және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ оларды орындау туралы есептілігінің тізбесін, нысандары мен табыс ету қағидаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 308 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14788 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерді және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ оларды орындау туралы есептілігінің тізбесін, нысандары мен табыс ету қағидаларында :

мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

"34-1. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарын Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторына қосу арқылы оларды қайта ұйымдастыру нәтижесінде Ұйымның қарыз алушыға қоятын талаптарының ұлғаюына байланысты Пруденциялық нормативтерде белгіленген шектеулер асып кеткен жағдайда, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең төмен мөлшерінің нормативі орындалды деп саналады.

Көрсетілген жағдайларда Ұйым уәкілетті органға шектеулерден асып кету фактісі туралы дереу хабарлайды және уәкілетті органмен келісілген мерзімде асып кетуді жою бойынша міндеттемелер қабылдайды. Егер осы асып кету уәкілетті органмен келісілген мерзімде жойылмаса, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері нормативінің асып кетуі аталған асып кету анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қаралады.".

2. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.04.2026 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны ұсыну және қарау, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 248 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17884 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны ұсыну және қарау, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу осы эмитент мынадай талаптарды сақтаған жағдайда жүзеге асырылады:

1) облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге құжаттар берілген күні бағалы қағаздардың қайталама нарығында айналыстағы облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі уақытылы орындалмаған және орындалмаған міндеттемелердің болмауы;

2) облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар беру күніне дейін соңғы аяқталған екі қаржы жылының біреуінің қорытындысы бойынша эмитенттің зиянсыз қызметі немесе соңғы аяқталған екі қаржы жылының біреуінде эмитенттің қызметінен алынған, аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігінің негізінде есептелген ақшаның таза ағындары оң болып табылады;

3) облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар берілетін айдың алдындағы айдың соңындағы жағдай бойынша пруденциялық нормативтерді және уәкілетті орган белгілеген өзге нормалар мен лимиттерді сақтамау фактілерінің болмауы.

Облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар берілетін айдың алдындағы айдың соңындағы жағдай бойынша пруденциялық нормативтерді және уәкілетті орган белгілеген өзге нормалар мен лимиттер жөнінде ақпарат болмаған жағдайда уәкілетті орган алдыңғы есепті күнгі жағдай бойынша пруденциялық нормативтер және өзге де нормалар мен лимиттер жөніндегі ақпаратты назарға алады;

4) эмитенттің және ол шығаратын облигациялардың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарға және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес келуі (эмитенттің облигациялар шығарылымы проспектісінде (егер облигациялар шығарылымы проспектісінде қор биржасының сауда жүйесінде осындай облигациялардың айналыста болуы көзделген жағдайда).

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары:

эмитент қайта құрылымдау жүргізу туралы сот шешіміне сәйкес бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді қайта құрылымдау жүргізген;

уәкілетті орган "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы заңының 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіпте төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банктің міндеттемелерін мәжбүрлі қайта құрылымдау жүргізу туралы шешіміне сәйкес бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді қайта құрылымдау жүргізген жағдайда қолданылмайды;

дауыс беруші акцияларының кемінде 50 (елу) пайызы мемлекетке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі эмитентті қайта құрылымдау жүргізген жағдайларда қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларының талаптары банктің акцияларға айырбасталатын реттелген облигациялар түріндегі облигациялар шығарылымдарына қолданылмайды.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК